

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖОБАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Нарымбетова Анар Болатқызы

a.mukhanbetzhanova@asu.edu.kz

«7M01301 Білім берудегі менеджмент»ББ-ның 2 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, қауымдастырылған профессор, п.ғ.д. - Муханбетжанова А.У

Бастауыш білім беру мазмұнын жобалаудың негізгі заңдылықтары мен қағидалары білім беру мазмұнын өзгертуде жобалық – ұйымдастырылған тәсілдерді қолдануды өзектейді.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік тұжырымдамасында, елімізде жалпы білім берудің жаңа Стандарттары және тағы да басқа білім беруді туралы зерттеулер мен құжаттарды талдау арқылы білім беру мазмұнын жобалауға қойылатын негізгі талаптарды анықтай аламыз. Олар:

- Білім беру мақсаттары мен нәтижелерінің жаңа демократиялық қоғам мен жаңа инновациялық экономиканың білім беру жүйесіне қойып отырған әлеуметтік талаптарына сәйкес болуы; дәстүрлі оқытуда қалыптасқан берілген оқу материалдарын игеруді білім беру нәтижесі ретінде қарастырудың орнына жаңа білім нәтижесін – *оқушының өзі меңгерген әлеуметтік тәжірибесін пайдалана отырып, түрлі проблемаларды өз бетімен шешуге қабілеттілігін – дамыту деп қарастыру;*

- Білім беру мазмұнының оның мақсаттарына және барлық оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы; білім беру мазмұнының барлық оқушылар үшін қолжетімдік деңгейі жоғары болуы; оқушылардың өздерін қызықтыратын білім салаларын тереңдете және *кең көлемде білім алуына қосымша жағдайлар жасалуы;*

- Мектепте алған білім беру нәтижелерінің оқушылар үшін кез-келген сабақтан тыс, немесе мектептен *кейінгі әрекеттерінде қажет болып танылатын деңгейге жеткізілуі;*

- Білім беру үрдісінде барлық білім беру субъектілері үшін *психологиялық қолайлы жағдайлар туғызылуы және оқушылардың денсаулығын сақтаудың қамтамасыз етілуі;*

Білім беру мазмұнын құру теорияларын талдай келе, білім берудің мазмұнын құзыреттілік тұрғыдан жобалау мәселесіне көшеміз. Білім берудің мазмұнын жобалауды, сондай-ақ алдыңғы қатарлы әлемдік беталысқа сәйкес болу мақсатында білім берудің ішкі өзгерісін қажет етіп отыр. Бұл білім берудің сыртқы ортаға бейімделуі жағдайында және оның қазіргі заманның келешекте жасайтын жаңа қадамдарына ұмтылысы кезінде ғана мүмкін болады. Осыған сәйкес білім берудің мәні ғана емес, сонымен қатар оның мазмұны да түпкілікті өзгеруі қажет. Сондықтан, білім беру мазмұнын өзгертуде жобалық – ұйымдастырылған тәсілдерді қолдану өзекті болып табылады.

Зерттеушілердің пікірі бойынша білім беру мазмұнының жобалау білімдік жобалау аймағына жатады. Білім берудің мазмұнын жобалау субъектілерінің шеңбері білімдік қажеттілікті тасымалдауға қызығушылық білдіруші жақтардың (мекемелер) жағдайына немесе білімділіктің белгілі бір деңгейіне әлеуметтік сұранысқа байланысты анықталады. Бұл шеңберге ғалымдар, әдіскерлер, әкімшілік, педагогтар, оқушылар, ата-аналар, арнаулы және жоғары білім беру мекемелерінің өкілдері, министрлік қызметкерлері және т.б. кіруі мүмкін.

Мазмұнды жобалаудың пәні болып: білім берудің тұжырымдамасы (тұтастай немесе бастауыш, орта, жоғары білім беру деңгейлері бойынша), жекелеген оқу курстары, білімдік және оқу бағдарламалары, оқу құралдары, дидактикалық материалдар және т.б. табылады. Бұл жағдайда жобалық өнімнің деңгейі мен бөлшектену дәрежесі ұсынылу формасына қарай әртүрлі болуы мүмкін: тұжырымдамалық, мазмұндық, іс-шаралық (модель, жоба, бағдарламаның өзіндік мәтіні, құрал, технология және т.б.).

Олай болса, жаңаша тұрғыдан білім берудің мазмұнын жобалайтын білім берудің

тұжырымдамасы, стандарттары білім беру үрдісіне және білім нәтижелерін бағалауға түбегейлі өзгерістер ендіруді қажет етеді. Ол үшін білім беру мазмұны көрініс табатын құзыреттілік тұрғыға сәйкес келетін тұжырымдама мен стандарттар туралы түсінікті нақтылап алу қажет.

Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық мектептегі білім беру мазмұны жобаланған тұжырымдамасы мен стандартын талдамас бұрын қазіргі стандарттарды жасаудың теориялық негіздерін қарастырамыз.

Білім беру мазмұнының келешегін бұл жұмысқа осы ғылым бойынша белгілі мамандарды араластыру жолы арқылы да, практикада көптеген жетістіктерге жеткен педагогтардың көмегімен де толықтыру мүмкіндігін пайдалану қажет. Педагогикалық мәселелерді кәсіби түрде, тек педагогтар шеше алады және тек нақты педагогика ғылымы аймағында ғана оқу материалын жалпы білім беру мақсаттарына, оқу талаптарына сәйкес келетіндей етіп құруға болады.

Жақсы теорияның болуы керектігі туралы пікір өте ертеде айтылған болатын және бұған ғылым мен практиканың ара қатынасы туралы сөз қозғалғанда жиі оралады. Қазіргі заманғы мектептерге жалпы бағыттарды анықтауға және білім беру мазмұнын жасауға теорияның қажет екеніне еш күмән тудырмауға болады. Бірақ қандай теория болуы керек? Психологиялық немесе әлеуметтік теория ма, білім философиясы немесе оқытылатын ғылымның теориясы ма?

Педагогикада білім мазмұны мынадай сұраққа жауап береді: «Неге осыны оқыту керек?» «Білім беруде осы пән қандай қызмет атқарады?» «Оқу пәнін қалай құруға болады, қандай оқу элементтері енуі керек, қандай кезекте және құрамда қосылуы керек және қандай қызметке сәйкес келуі үшін?».

Осы сұрақтарға жауап беру үшін, білім беру мазмұнын құрудың жалпы үдерісіне талдау жасап, оны бірнеше деңгейлерде қарастырамыз. Білім беру мазмұны құрамының деңгейлеріне талдау жасап көрелік. Бастапқы бөлімде білім берудің негізгі мақсаттары – философия мен әлеуметтану терминдері арқылы берілетін, бұқаралық ақпарат құралдарында, басқаша айтқанда, қоғамдық санада бейнеленетін білімнің жалпы мақсаттары болып табылады.

Келесі саты – осы мақсаттарды адам игеруі тиіс тұлғалық сапалар туралы психологиялық көріністерде нақтылау. Сонымен, педагог білім мақсаты мен оларға қол жеткізу жолдарының сипатын өзінің ғылымының тіліне аударуы керек. Осыған байланысты білім беру мазмұны педагогикалық ғылымдағы болашақ ұрпақ меңгеруі тиіс әлеуметтік тәжірибе туралы әлеуметтік және тұлғалық өңделген, тіркелген көрініс. Қысқаша айтқанда, дидактика бойынша білім беру мазмұны әлеуметтік тәжірибенің білімдік моделін бейнелейді.

Біз ұстанып отырған құзыреттілік тұрғына сәйкес келетін білім беру мазмұнын жобалаудың теориялық деңгейлеріне талдау жасап көрелік:

1) Жобаланатын білім беру мазмұнында алдымен білімнің *жалпы теориялық көрініс деңгейі алынады*. Бұл деңгейде белгілі бір педагогикалық мақсаттарға сәйкес келетін білім беру мазмұны туралы теориялық тұрғылар алынады. Сондықтан бұл деңгейде білім беру мазмұны берілетін әлеуметтік тәжірибенің оның педагогикалық құрамы (элементтері), құрылымы (элементтері арасындағы байланыстар) және қызметтері туралы көрініс түрінде болады. Жалпы түрде оқушыларға нені оқыту керектігін және оқытуға болатындығын, белгілі мақсатты жүзеге асырушы мазмұнның әр маңызды элементін бөліп қарастырамыз. Әлеуметтік тәжірибеге сәйкес мазмұн 4 негізгі құрылымдық элементтен тұрады:

- білімдер нәтижесі формасында тіркелген танымдық іс-әрекеттің тәжірибесі;
- оның жүзеге асырылу тәсілдері формасында тіркелген репродуктивті іс-әрекеттің тәжірибесі;
- мәселелік жағдаяттар, танымдық тапсырмалар және т.б. формасында тіркелген шығармашылық іс-әрекеттің тәжірибесі;
- эмоционалды – құндылықтық қатынастарды жүзеге асыру тәжірибесі.

Жалпы білім мазмұны, оның әр элементтері адамның, қоғамның және мемлекеттің талабын жүзеге асыратын білім берудің белгілі қызметтерін атқарады. Жүйенің сипаттамасы – құрамы, құрылымы және қызметтері – басқа деңгейлерде сақталады. Бұл элементтер білім берудің мазмұнын құрай отырып, алғашқы элементтер келесіге өту үшін алғышарт болатындай өзара байланысты болады. Мысалы, іскерліктер білімдер негізінде құрылады, ал шығармашылық іс-әрекет белгілі шығармашылық аумағындағы білімдер мен жай біліктіліктерді меңгеруді қарастырады. Жалпы білім мазмұны, оның әр элементтері адамның, қоғамның және мемлекеттің талабын жүзеге асыратын білім берудің белгілі қызметтерін атқарады.

Жүйенің сипаттамасы – құрамы, құрылымы және қызметтері – басқа деңгейлерде сақталады.

2) *Оқу пәнінің деңгейі*. Бұл деңгейде білімнің қалай берілетіндігі және нені оқытатыны нақты айқындалады. Бұл деңгейде бастауыш мектеп оқушысы білуі қажет әлеуметтік тәжірибе көрсетіледі. Пәннің ерекшелігіне сәйкес оның жалпы білім берудегі деңгейін анықтау қажеттілігі туындайды. Барлық пәндер ғылымның негізі болып табылғанымен, пәннің мазмұнын жобалау кезінде ғылымның логикасын емес, жалпы логиканы қарастыру керек, сонымен қатар оқыту процесінің жүру барысын және бастауыш мектеп оқушысына қалай жеткізілуі керектігін есепке алу қажет.

3) *Оқу материалдарының деңгейі*. Бұл деңгейде мазмұн құрамының элементтері бірінші деңгейде белгіленеді, екіншісінде құрылым үшін әрбір пән форма түрінде ұсынылады. Нақты білім, білік, дағды, таным міндеттері, жаттығулары туралы сөз болады, олар оқулық, нұсқаулық және материалдар мазмұны оқушылар мен мұғалімдер үшін құрылады. Бөлінген деңгейлер бастауыш білім беру мазмұнын, әлеуметтік тәжірибенің педагогикалық моделін құрады. Олар жобаланатын мазмұнға кірістіріледі.

4) *Оқу процесінің деңгейі*. Бұл деңгейде оқытушы және оқушы қатысады. Білім беру мазмұны жобада емес педагогикалық шынайылықта жүреді. Нақты осы процесте білім берудің жобаланған мазмұны қалыптасады, яғни оның «материалдануы» жүзеге асады.

Білім беру мазмұны шындығында тек оқу үрдісінде, білім беруде көрінетіндігі белгілі сондықтан негізгі ұғымдар оқу үрдісінің мазмұнын құрастыру мен жобалау мақсатында ұсынылады. Бұл оны құрушылардың оқу үрдісінің барлық заңдылықтарын, логикасын, талаптарын, (сонымен қатар осы пәнді оқуға кететін уақыт), оқушылардың мүмкіндігін білу керектігін білдіреді, яғни жоба жүзеге асырылатын процестің барлық мәнді сипаттарын бейнелейді.

Тәжірибе көрсеткендей, егер оқу материалын құрушылар, олардың ғылыми деңгейін көтеруге көп мән беріп, педагогикалық іс-әрекет есепке алынбаған жағдайда келеңсіздікке тап болады. Бұл оқушылардың дұрыс білім алмауының бір себебі деуге болады, бірақ бұл жалғыз

нақты себеп емес. Сәтті оқу жұмысына кеселдік келтіретін басқа да қиындықтарды атап кету керек. Ең алдымен мұғалімдердің оқытудың нақты әдістерін тандай алмауы.

Оқушының пәнге деген шығармашылық көзқарасын дамытуда проблемалық оқыту әдістері көмектеседі. Алғашында, бұл әдіс басқа ақпараттың дайын білімге қараған қосымша уақытты қажет етеді. Бірақ алдыңғы уақытта туындаған мәселелерді көру, олардың шешімін табу, солардың ішінен ең тиімдісін таңдау оқушыға оқу қызметін сәтті жүзеге асыруына септігін тигізеді. Бірақ оқытудың бұл типін асыра, еш жағдайына қарамастан қолдануға болмайды. Кей уақытта мағынасы жағынан проблемалық талқылауға сәйкес келмейтін материалдар болады. Көптеген дәлелдер жылдар, оқиғаларды басынан бастап дайын білім ретінде жаттап алған жөн. Ал шығармашылық ойлауды тек нақты білім беру жағдайында қалыптастыру мүмкін болады.

5) *Оқушының тұлғалық құрылымының деңгейі.* Соңғы бесінші деңгейінде оқу мазмұны оқытудың соңғы нәтижесі ретінде жүреді. Бұл деңгей барлық іс-әрекеттің қорытындысы болып табылады.

Қазіргі кезде тәжірибеге бағытталған ғылым мен білімнің мәнін көптеген ғалымдар зерттеу жұмыстарының нәтижелері сапалы құрылған білім жобаларының ғылыми негіздемесі болуын, ал жобалардың нәтижесі жаңа ғылыми идеялар мен жаңа зерттеу бағыттарына негіз болуын дұрыс деп есептейді.

Кейбір зерттеушілер білім берудің жобалылығын білім тенденциясының болашағы ретінде қарастыра отырып, оны айқын байқалып келе жатқан пәндік – бағдарлы оқыту жүйесінің тұлға әрекетіне бағытталған жобалық –құрастырушылық оқытуға ауыса бастауымен түсіндіреді.

Осылайша, жаңа әлеуметтік – мәдени жағдайлар ұлттық білімнің жаңа бейнесін, оның мәні мен белгілері – қоғамдақ тәжірибенің өз бетіндік түрі, тарихи тәжірибенің әмбебап түрде берілуі, адамдық мәннің қалыптасуы мен күшеюінің жалпы тарихи – мәдени түрі ретінде қалыптастыра бастады.

Қалыптасып келе жатқан жаңа жобалау парадигмасы педагогикалық ғылымдармен қатар білім берудің инновациялық мәдениетінің негізі бола алады. «Педагогикалық жобалау» түсінігі В.Безруковтың анықтамасы бойынша «гуманистік мазмұндағы білімді гуманистік әдістер мен тәсілдер арқылы игеру негізінде белгіленген білім өнімін алуға оқушылар білімінің нәтижелері мен мақсатына болжам жасау және оны модельдеу». Олай болса, болжам жасау, жобалау, модельдеу, құрастыру, бағдарлама жасау, жоспарлау, бағалау әрекеттері жобалау қызметінің өз алдына жеке түрлері ретінде қарастырыла алады.

Білім берудің қазіргі тәжірибесіндегі өзгерістеге байланысты оны жүзеге асырудағы басым бағыттар да өзгеруде, олар соңғы кездері стратегиялық көзқарасқа, дамытушылық сипатқа қарай ауыса бастады. Білім беру мазмұнын жобалау мазмұнның технологиялық құрылымын алдын-ала құрастыруға мүмкіндік беретін жиынтық әдіс-тәсілдерін, ықпал ету құралдарын білім берудің нәтижелеріне бағыттай ұйымдастыруды талап етеді.

Білім беруді дамыту стратегияларына жасаған талдаулар көрсеткендей, бүгінгі өзгерістер «реформалау», «жаңарту» деген түсініктер шеңберінде жүргізілуде. Олардың мәні өзгерістердің нақты нәтижелік мақсаты болуын, нақты идеяға негізделен әрекеттер бағдарламасы болуын көздейді. Бұл жерде мынадай маңызды жағдайлар ескеріледі: олар – алға қойған мақсаттардың педагогикалық қалың көпшіліктің мүддесіне сәйкес келіп, олардан қолдау табуы және құрастырылған стандарттар мен бағдарламалардың қолда бар мүмкіндіктерге сәйкес болуы.

Білім жүйесіндегі өзгерістер жүйемен, бір қалыппен жүзеге асырылады деп айту қиын, жоспарланған негізгі бағыт та, белгіленген білім нәтижелері де дәл ойлағандай орындалмауы да мүмкін, өйткені, ол үнемі пайда болып отыратын тасмалданушы әрекеттердің жаңа жағдайлардағы сипаты мен оларға ықпал ету амалдары мен құралдарының сол кездерде болмауына байланысты. Осы «тасмалданушылық үрдіс» күрделі және аз зерттелген түсінік деп айта аламыз, ол «реформалау үрдісінен» өзгеше, реформа жағдайында кез келген жүйе түрлік ұқсастық қасиетін сақтап қалады. Оны жаңаруға өту деп те қарастыра алмаймыз, себебі,

трансформациялық үрдістің негізіндегі қозғаушы күштері мен тетіктері сан алуандығымен ерекшеленеді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, осы кезеңдегі білім беру әрекеттерінің мүмкіндіктері объектінің өзгеру үрдісін ұйымдастырушы қамтамасыз етуші жағынан ғана көрінеді. Осыған орай, білім беру жүйесі болып жатқан өзгерістердің соңынан ертетіндей болады немесе білім жүйесіндегі өзгерістердің қатарынан орын алады.

Жобалаудың негізіне алынатындар:

- Білім берудің жаңа мазмұны;
- білім беру үрдісіне қатысушылардың қарым-қатынастарының жаңа түрлері;
- жаңа білім беру технологиялары.

Енді осы білім мазмұнын жобалау қызметінің құрылымында төмендегідей кезеңдер қарастырылады:

1. Даярлық немесе *бастапқы кезең*. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобалау объектісінің қазіргі жағдайын талдау; диагностикалау, бағалау; орын алып отырған қайшылықтар мен кемшіліктерді анықтау; осы бағыттағы ғылыми-зерттеулерді талдау; проблеманы теориялық негіздеу; жобаны ресурстармен қамтамасыз ету. Бірінші кезеңнің нәтижесі – жобалаудың қажеттігін анықтау, оны ақпараттық-материалдық ресурстармен қамтамасыз ету, тиісті жағдайлар туғызу.

2. Негізгі кезең немесе негізін салу кезеңі. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобалау мақсатын айқындау; мақсатқа қол жеткізетін жолдарды болжау; жобаның шектелу аясын белгілеу; жобалаудың түпкі ойын тұжырымдау; жобаның тұтас бағдарламасын, жоспарын жасау; бақылау түрлерін анықтау. Екінші кезеңнің нәтижесі – білім беру мазмұнының құжаттық жобасын жасау, олар: тұжырымдамасы, бағдарламасы, жоспары.

3. Жүзеге асыру кезеңі. Бұл кезеңде жобаны жүзеге асыру жолдары, оны байқаудан өткізу орындалады. Нәтижесі – білім беру жүйесінің жаңа сапаға өткендігін назарға алу;

Қорытынды кезең. Бұл кезеңде атқарылатын жұмыстар: жобаны және оны эксперименттік байқаудың сапалық нәтижелерін бағалау; жобаның тиімділігін тәуелсіз эксперттердің бағалауы; пайда болған проблемаларға сыни рефлексия жасау; жобаны коррекциялау, түзетулер енгізу. Бұл кезеңнің нәтижесінде жобаның жаңғыртылған түрі құрастырылады.

Педагогикалық жобалауды жаңартылған объектілердің дамуын бағыттауға қажетті шарттардың интеллектуалдық, құндылық, ақпараттық болжамы ретінде қарастыруға болады. Ю.К.Бабанский, В.П.Беспалько, А.М.Новиков және т.б. зерттеулерінде жобалау мәселелері жеке шығармашылық қызмет ретінде қарастырылады.

Білім мазмұнын құзыреттілік тұрғыдан жобалау мәселесі кеңінен алғанда, білім берудегі жаңа қарым қатынастарды, оқытудың жаңа мазмұны мен технологияларын, ойлау және қызмет етудегі жаңа әрекеттерді тудыратын үрдіс болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Г.К. Образование Казахстана в поисках идеала - Алматы, 2017. –№2;
2. Лядис В.Я. Новая парадигма психологии и практика инновационного образования –2018. –№2. –С.88-97.
3. Мұханбетжанова Ә. М. Дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру. –

Алматы, 2019.

4. Новиков А.М. Методология образования. –М., 2006.

5. Сериков В.В. Теория и практика проектирования образовательных систем. –М.: Логос, 2009. –С.42-63.